


***Коммуникативтік
дағдылар***



*Сырқатқа деген көзқарастың
түрлері*

Орындаған: Саттарханқызы Жазира

Қабылдаған: Жолдас Клара

Тобы: ЖМ-121

Бұл үшін не қажет?

- ❖ “Егер, дәрігер Марстан, ал науқас Венерадан болса, онда бұл екеуінің ойларының сәйкес келмеуінде болмақ. Нәтижесінде дәрігер фактілерді жинап алып, ауру тарихын түсінбеуі де мүмкін”.




❖ *Қолдаушы ресурстар:*

Науқаста ауру болмаса да, өзін ауыр сезінуі мүмкін. Мысалы, жұмысында қиындығы бар бас ауруына, инсомнияға, ал мектепте қиындығы бар бала болса іш ауыру шағымдарына шағымдануы мүмкін.

Науқасқа бағытталған дәрігердің ұстанымы “ауру” мен “ауруға мазасыздану” жағдайларын ескеруге көмектесіп, әрі бұл жағдай дәрігердің міндеттін жеңілдетеді.






Көптеген дәрігерлер, науқас өзінің қарапайым алғашқы шағымына дәрігерлік кеңес алуға келді және осы шағым ең басты деп ойлайды. Яғни, “науқасты шағымнан құтқарсам, менің көмектескенім” – деген ойда болады. Ал, бұл көзқарасты көптеген зерттеулер құптай қоймады.

□ Науқастардың дәрігермен көптеген қиындықтармен бөлісуі, оның бәріне аса мән берілгенін қалайды деген сөз емес. Зерттеу тәжірибесі көрсеткендей, науқас дәрігердің өзі айтқан бірнеше проблемасының ішіндегі біреуіне шынайы мән бергенін қалайды.



❖ *Кейбір кеңестер.*


Науқастан мәліметтер алу процесі оның сезімдерін, ойларын, үміт, ниеттерін және проблемаларын, тұлғалық, мәдени аспектілерін анықтаудан тұрады. Науқастар шындықтың мүмкін болар шешімін өзінше күтіп келеді, осындай жағжайда сіздің ұсынысыңызбен келіспеуі немесе оған мұқтаж болмауы мүмкін.



❖ Науқастағы жан күйзелістерінің белгілерін мұқият іздеп, дұрыс анықтауға тырысыңыз. Бұл сөздік емес қимыл әрекеттерге деген, сонымен қатар, науқастың не айтқаны мен қалай айтқанының арасындағы алшақтықты бақылауға деген, бағыттылық болып табылады. Мәселен, “өзін керемет сезінемін деп отырып, сөмкесін қайта-қайта тырналап, мыжғылап отырған немесе, көзге қараудан қашқақтап отыруы мүмкін”.




❖ Аз сөйлеп көп тыңдаңыз. Кейде дәрігерлерге науқастан көп мәліметті білу үшін көп сұрақ қоюға тура келеді де, оларға тыңдып отыру қиындық туғызады. Белсенді тыңдау техникасын қолдану, науқастардың өз сезімдерін ашылып айтуына себеп болады.



○ Науқастың мұндай қорқынштарын анықтап алған соң. Дәрігер тікелей көмек көрсете алады және бұл жағдайдан шығудың кейбір жолдарын ұсына алады. Мысалы, дәрігер мен науқас бірігіп отырып, емдеу шараларына оның күйеуінің қатысқаны дұрыс болады деп шешім қабылдай алады.


- Науқастың әртүрлі болып келетінін ұмытпаңыз. Олардың кейбірі барлық жағдайдан хабардар болып отырғысы келсе кейбірлері барлық жағдайды дәрігердің біліктілігі мен кәсібилігіне сеніп тапсыруды жөн деп санайды.






□ Науқастың сезімдерін тексеріп отырыңыз.

Науқастарға олардың сезімдерінің қалыпты, әдетте сезім екеніне сенімді болу қажет. Бұл жағдайда дәрігер сезімдердің болуы табиғи нәрсе және оның болуына таңқаларлық ешнәрсенің жоқ екенін науқасқа айтуы, түсіндіруі қажет.



❖ Егер, дәрігер өз уақытында эмпатия мен қолдау көрсете алмаса, науқас әйелдің өз қорқынышын ашып айтуы беймәлім жағдай еді. Яғни, емдеу нәтижесі белгісіз болса, әрі шешім кешігіп қабылданса, науқастың постжарақатты жағдайы артуы сөзсіз.

❖ Науқастың жағдайы емдеудің дәстүрлі шараларына көнетін біле тұрса да, дәрігер оның қауіпі мен басқа ем түрлерін қарастырып көрейік деген қалауын құрметтейді. Сөйте тұра, өзінің ұсынып отырған ем түрін неге қалап отырғанын айтып береді. Осылайша, олар бірлесіп отырып, дәстүрлі емес емдеу шараларын қарастыруды сонымен қатар, болашақта мүмкін болатын хирургиялық операциямен дайындық жасауды шешеді.



❖ Дәрігердің коммуникативтік біліктілігін
қамтамасыз ететін келесі бір
психологиялық қасиет – эмоционалды
тұрақтылық болып табылады.
Эмоционалды тұрақтылық дәрігерге
“психологиялық стрестен”, науқастармен
қақтығысын қалудан қорғайды.

❖ Дәрігердің эмоционалды іс-әрекеттері, науқастың оған деген сенімін жоғалтып қана қоймай, оларды шаршатады, күдік туғызып, тіпті қорқытады. Керісінше, дәрігердің бірқалыптылығы мен эмоционалды тұрақтылығы, сабырлылығы науқасқа сенімді қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.




□ Дәрігердің коммуникативтік біліктілігінің қалыптасуындағы маңызды психологиялық қасиет – бұл сезімталдылық. Бұл қасиет дәрігерге науқаспен қарым-қатынас жасаудағы өзінің-мінез құлаған қайта қарап, түзетуге көмектесетін “кері байланыс” рөлін атқарады. Дегенмен, сенситивтілік өте жоғары болмауы тиіс, себебі ол дәрігердің өзіндік бағалауан, аффилятивті қажеттілігін төмендетеді.

Дәрігердің сенімді болуы:

- Науқаста дәрігердің біліктілігі жөнінде “терапевттік иллюзия” қалыптастырады.
- Дәрігердің қиын жағдайда өзін-өзі ұстап, болашақты болжай алуы, науқастың сенімін туғызады.
- Науқастың сенімін арттырып, үмітін оятады.

- Науқастан кері байланысты сауалнама жүргізу арқылы алуға болады. Кері байланысты шынайы болуы үшін, науқасқа анонимді жауап беруіне мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар сауалнамаға қатысу немесе қатыспау да науқастың өз қалауымен болуын қадағалайды.





***Назар
аударғандарыңыз
үшін рахмет!!!***